

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН
ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫН РЕТТЕУ МЕН
ҚАДАҒАЛАУ АГЕНТТІГІ
№ 183 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

«Premier Сақтандыру» АҚ лицензиядан айыруға қатысты

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасының 04.12.09ж. № 249 қаулысымен «Premier Сақтандыру» акционерлік қоғамына «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына 2008 жылғы 15 қыркүйекте берілген №28-11/1 лицензиядан 2009 жылғы 4-желтоқсанның бастап айыру туралы шешім қабылданды.

Жоғарыда аталған шешімді қабылдауға белгіленген мерзімдерде лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұруға негіздеме болған жағдайларды жоймағаны, сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуды жою жөніндегі уәкілетті органның жазбаша ұйғарымын бірнеше рет (он екі жүйелі күнтізбелік ай ішінде екі және одан астам рет) орындамағаны үшін және сақтандырудың міндетті түрін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін бірнеше рет (он екі жүйелі күнтізбелік ай ішінде екі және одан астам рет) бұзуларына негіз болған жағдайларды белгіленген мерзімде жоймауы негіздеме болды.

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 56-бабының 2 және 3 тармақтарына сәйкес Агенттіктің сақтандыру ұйымының қызметін заңнамамен белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп тоқтату (тарату) туралы өтініші сотқа жіберілетін болады.

Тарату комиссиясы тағайындалғанға дейінгі кезеңде Агенттік «Premier Сақтандыру» АҚ уақытша әкімшілігін тағайындайды, оған сақтандыру ұйымының барлық басқару органдарының өкілеттігі көшеді.